

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 244 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2023 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

15-1-тармақтың 2) тармақшасының оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын :

"бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеру санының, сондай-ақ тексеру парақтарына сәйкес анықталған бұзушылықтарды және оларға қолданылған әкімшілік ықпал ету шараларының ведомстволық есебін жүргізу.";

16-тармақта:

219) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"219) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексерулер жүргізудің кестелерін, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) барып профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізімдерін әзірлейді және бекітеді;"

227) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"227) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ұйымдастыруды жүзеге асырады;"

236) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"236) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігінің мониторингін жүзеге асырады;"

246) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"246) мемлекеттік органдарда, ұйымдарда, кәсіпорындарда өрт қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;"

266), 267), 268), 269), 270) және 271) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"266) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

267) қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын қауіпті өндірістік объектілер мен ұйымдардың авариялар мен олардың салдарларын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

268) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстары мен техникалық құрылғыларын, қауіпті техникалық құрылғыларды техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

269) қауіпті өндірістік объектілерде тау-кен құтқару, газдан құтқару, атқыламаға қарсы жұмыстарды орындауға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің әзірлігіне өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

270) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған заңды тұлғаларға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

271) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;"

296) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"296) өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;"

2. Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов